

«Бекітемін»

Н.Ильясов атындағы
№9 мектеп-гимназия директоры

Б.Ибраев
« 29 » тамыз 2025ж



**Нағи Ильясов атындағы №9 мектеп-гимназиясының 2025 – 2026 оқу жылына арналған
«Адал азамат» біртұтас тәрбие бағдарламасын жүзеге асыру бойынша
жұмыс жоспары**

*Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту Министрінің міндетін атқарушы бұйрығының (№194, 30.07.2024) 2-қосымшасына сәйкес
(ҚР Оқу-ағарту министрі бұйрығы 26.05.2025ж. №123 бұйрығымен толықтырулар,
өзгертулер «Адал азамат» біртұтас тәрбие бағдарламасы)*

2025-2026 оқу жылы

I. 2024 - 2025 оқу жылындағы тәрбие жұмысына талдау есебі (SWOT)

II. Білім беру ұйымдарындағы «Адал азамат» бағдарламасының идеясы:

«Әділетті Қазақстан – Адал азамат – Озық ойлы ұлт» үштаған ұғымы

Принципі: «Қағидамыз – әділдік, тірегіміз – жауапкершілік, мақсатымыз – өрлеу»

III . «Адал азамат» негізіндегі тәрбие жұмысының мақсат, міндеттері, мазмұны:

Бағдарламаның мақсаты:

- қазақстандық мәдениет құндылықтары негізінде азаматтық жауапкершілік пен патриотизм, парасаттылық пен адалдық, ар-ұждан, рухани-адамгершілік қасиеттерін бойына сіңірген, үйлесімді дамыған тұлға қалыптастыру.

Бағдарламаның міндеттері:

- **Рухани-адамгершілік қасиеттерді тәрбиелеу:**
- отанға, өз халқына, оның тарихы мен мәдениетіне деген сүйіспеншілікті қалыптастыру;
- Қазақстан Республикасының Мемлекеттік рәміздерін құрметтеуге тәрбиелеу;
- адалдық, әділдік, мейірімділік, ар-ұят пен қамқорлық, қайырымдылық және басқа да адамдық қасиеттерді дамыту;
- табиғатқа және қоршаған ортаға ұқыптылықпен қарауға тәрбиелеу.
- **Азаматтық жауапкершілік пен патриотизмді дамыту:**
- елінің жетістіктері үшін мақтаныш сезімін ұялату;
- отбасы, қоғам және мемлекет алдындағы өз міндеттеріне саналы көзқарас қалыптастыру;
- Өз құқығы мен бостандығы, сондай-ақ басқа адамдардың құқықтары мен бостандықтарын қорғауға дайын болуға баулу;
- әлеуметтік маңызы бар қызметке белсенді қатысуға тәрбиелеу.
- **Парасаттылық пен адалдықты қалыптастыру:**

- басқалармен қарым-қатынаста адал әрі әділ болуға және әдептілік нормаларын ұстануға тәрбиелеу;
- өз іс-әрекеттері мен сөздері үшін жауапкершілікті түсінуге тәрбиелеу;
- еңбексүйгіштік пен өзін-өзі жетілдіруге деген ұмтылысын қалыптастыру;
- біреудің еңбегі мен мүлкін құрметтеуге тәрбиелеу.
- Білім алушының жеке басының үйлесімді дамуы үшін жағдай жасау:
- әрбір білім алушыны тәрбиелеу мен оқытуда даралау мен саралау тәсілдемелерін қамтамасыз ету;
- білім беру ортасында жағымды психологиялық-педагогикалық ахуал қалыптастыру;
- ерекше білім беру қажеттіліктері бар балаларға қолдау көрсету;
- отбасын білім беру ұйымдарындағы тәрбие процесіне тарту.

Бағдарламаны іске асыру тетіктері:

- Білім беру процесінің барлық қатысушыларының өзара іс-қимылын көздейтін біртұтас тәсілдеме
- Білім алушылардың мүдделері мен қажеттіліктерін ескере отырып, вариативтік
- бағдарламаларды әзірлеу
- Сынып-кураторлық жүйе шеңберінде құндылықтарды қалыптастыру, яғни сынып сағаттары мен сыныптан тыс іс-шаралар
- Бағдарламаның құндылық бағдарларына сәйкес жалпы іс-шаралардың мазмұнын кеңейту
- Тәрбие процесіне отбасы мен қоғамдық ұйымдарды тарту
- Бағдарламаны іске асыруды тұрақты ішкі бақылау және тиімділігін бағалау

Бағдарлама мазмұны:

Қыркүйек – еңбекқорлық және кәсіби біліктілік айы;
 Қазан айы – тәуелсіздік және отаншылдық айы;
 Қараша айы – әділдік және жауапкершілік айы;
 Желтоқсан – бірлік және ынтымақ айы;
 Қаңтар – заң және тәртіп айы;
 Ақпан – жасампаздық және жаңашылдық айы;
 Наурыз – тәуелсіздік және отаншылдық айы;

Сәуір – еңбекқорлық және кәсіби біліктілік айы;
Мамыр – бірлік және ынтымақ айы.

Күнделікті іс-шаралар:

«Ұлттық ойын – ұлт қазынасы» – үзіліс кезінде білім алушылардың бос уақытын ойын түрінде ұйымдастыру – асық, тоғызқұмалақ, т.б.

«Өнегелі 15 минут» – ата-аналардың 15 минут ішінде өзекті моральдық тақырыптардың бірі бойынша баласымен күнделікті жеке әңгімелесу өткізуі.

«Үнемді тұтыну» – жадынамалар, нұсқаулықтар және т.б. арқылы суды, азық-түлікті, энергияны және табиғи ресурстарды тұтыну бойынша күнделікті іс-әрекеттер арқылы табиғи ресурстарға (су, энергия) ұқыпты қарауды қалыптастыру.

«Күй күмбірі» –күйлерді қоңыраулардың орнына пайдалану, сондай-ақ үлкен қаңырауларда күй қосып қою.

Апталық іс-шаралар:

«Менің Қазақстаным»: оқу аптасының басында бірінші сабақта білім алушылар Қазақстан Республикасының Әнұранын орындайды.

«Аптаның дәйексөздері» –мақал-мәтелдер, халық даналығы, тәрбиелік мәні бар көрнекті тұлғалардың нақыл сөздері оқудан тыс бүкіл ұйымның қызметі. Аптаның дәйексөздері ақпараттық стендтерде Led-экрандарда, тақталарда орналастырылады.

«Қауіпсіздік сабағы» – білім алушылардың жеке қауіпсіздігін, қауіпсіз жүріс-тұрысын сақтауы, оның ішінде жол қозғалысы ережелерін, тіршілік қауіпсіздігі негіздерін сақтау мақсатында сынып сағаты аясында *10 минут қауіпсіздік сабағы* өтікізілсін.

Апта сайын сынып сағаттарын өткізу аясында білім алушылардың қауіпсіз мінез-құлық мәдениетін және салауатты өмір салтын қалыптастыру бойынша жүйелі жұмыс жүзеге асырылады. Сынып сағаттарының мазмұнына келесі профилактикалық іс-шаралар біріктіріледі:

- ✓ Цифрлық әлемде қауіпсіз қадам;
- ✓ Буллингтен қорған!
- ✓ Ойынға салауатты көзқарас;
- ✓ Өмірге салауатты қадам;

- ✓ Қоғамдық мүлікті қорға!
- ✓ Қауіпсіз қоғам.

2025-2026 оқу жылындағы атаұлы күндер тізбесі

Қазақтың ұлы ақыны, ағартушы, саяси қайраткер **Абай (Ибраһим) Құнанбаевтың туғанына 180 жыл** (10.08.1845–1904).

Жазушы, қоғам қайраткері, Кеңес Одағының батыры **Мәлік Ғабдуллиннің туғанына 110 жыл** (15.11.1915–2.11.1973)

Қазақтың тұңғыш романының авторы, ақын, публицист, мәдениет және қоғам қайраткері **Міржақып Дулатовтың туғанына 140 жыл** (21.11.1885–05.10.1935).

Жазушы, қазақ балалар әдебиетінің негізін салушы **Сапарғали Ысқақұлы Бегалиннің туғанына 130 жыл** (24.11.1895–05.03.1983)

Көрнекті ағартушы, тарихшы, публицист, лингвист, географ, музыка зерттеуші, археолог, этнограф **Шоқан Шыңғысұлы Уәлихановтың туғанына 190 жыл** (1835–1865)

Халық қаһарманы, жазушы **Бауыржан Момышұлының туғанына 115 жыл** (24.12.1910–10.06.1982).

Қазақ поэзиясының алыбы, ақын, ұлы жыршы **Жамбыл Жабаевтың туғанына 180 жыл** (1846–1945)

Қоғам және мемлекет қайраткері, Алаш қозғалысының жетекшісі **Әлихан Нұрмұхамедұлы Бөкейхановтың туғанына 160 жыл** (25.03.1866–1937).

Педагог, қоғам қайраткері **Ахмет Қуанұлы Жұбановтың туғанына 120 жыл** (29.04.1906–1968).

IV. Бағдарламадан күтілетін нәтижелер

Бағдарламаны дәйекті және кешенді іске асыру нәтижесінде білім берудің барлық деңгейіндегі ұйым түлектерінің бойында құндылықтар мен негізгі құзыреттері қалыптастыру және дамыту күтіледі:

Құндылық: тәуелсіздік және отаншылдық

Құзыреттілік: ұлттық мүддені дамыту

Бастауыш мектеп түлегі:

мемлекеттік тілді білу және құрметтеу;

мемлекеттік рәміздерге құрмет көрсету және өз еліне сүйіспеншілік таныту;

дәстүрлерді сақтау және құрметтеу;

отбасының құндылығын түсіну;

тарихи және мәдени мұраны зерттеуге қызығушылық таныту;

қоршаған ортаға қамқорлық жасау.

Негізгі орта мектеп түлегі:

Қазақстанның тарихын, мәдениеті мен дәстүрлерін, оның тәуелсіздігін және оны сақтаудың маңыздылығын түсіну;

Қазақстанның тарихы мен мәдениетіне құрмет көрсету;

Қазақстанның мемлекеттік рәміздеріне, ұлттық мерекелерге құрмет көрсету;

азаматтық және ұлттық бірегейлікті түсіну;

мемлекеттік тілді меңгеру;

Қазақстанның мәдени мұрасын сақтау және оны әрі қарай дәріптеу бойынша волонтерлік қызмет пен жобаларға қатысу;

әр түрлі ұлт өкілдерімен сыйластық қарым-қатынас;

Қазақстан азаматының міндеттерін орындауға, өз елінің мүдделері мен құндылықтарын қорғауға дайын болу.

Жалпы орта мектеп түлегі:

халықпен/ мемлекетпен бірлікті және өз мемлекетінің дамуы үшін жеке жауапкершілікті түсіну;

ұлттық және мәдени бірегейлікті түсіну;

мемлекеттің тарихи және мәдени мұрасын, дәстүрлерін, мерекелерін құндылық ретінде бағалау;

мемлекеттік тілді жетік меңгеруге және оны белсенді қолдануға ұмтылу;

отандық және әлемдік мәдениетті танудың құралы ретінде оқуға деген тұрақты қызығушылық;

Отанын қорғауға дайын болу, халық пен мемлекеттің егемендігі мен қадір-қасиетін дәлелді түрде қорғай білу.

Құндылық: бірлік және ынтымақ

Құзыреттілік: тиімді коммуникация

Бастауыш мектеп түлегі:

командада жұмыс істеу, бір-бірін тыңдау және ортақ мақсатқа жетуде бірлесіп әрекет ету;

өз ісіне мұқият болу және басқаларға көмек көрсету;

басқаларға құрмет көрсету және олардың ерекшелігіне төзімді болу;

бірлескен жетістіктерге ұмтылу және ұжымдық күш жігерді ынталандыру;

тапсырмаларды орындауда және мәселелерді шешуде бір-біріне көмектесу.

Негізгі орта мектеп түлегі:

қоғамдағы әлеуметтік нормаларды, ережелерді білу және түсіну;

сенімді қарым-қатынас орнату және сыныпта жағымды ахуалды сақтай білу;

тек өзі үшін ғана емес, жалпы ұжым үшін де жауапты болуға дайын болу;

бірлескен іс-әрекет пен өзара іс-әрекет кезінде басқалардың пікірлері мен сезімдерін құрметтей білу;

басқалармен жағымды қарым-қатынас орната білу және қоғамдық өмірге үлес қосу.

Жалпы орта мектеп түлегі:

әлеуметтік, іскерлік және ресми контексте жалпы және ұлттық этикет нормаларын қолдану;

ортақ мақсатқа жету үшін басқалармен бірлесіп әрекет ету және өзіне жүктелген міндеттерді жауапкершілікпен орындау;

басқа адамның сезімін және эмоционалды жай-күйін түсіну;

қоғамның игілігіне, қоршаған ортаны қорғауға және адамдардың өмір сүру сапасын жақсартуға бағытталған іс-әрекеттер мен шешімдерде қоғам алдындағы міндеттерді жүзеге асыру және орындау;

мектептегі және мектептен тыс іс-шаралар мен волонтерлік қызметте басқаларға көмектесуге және қоғамдық пайдалы істерге қатысуға дайын болу.

Құндылық: әділдік және жауапкершілік

Құзыреттілік: қоғамға қызмет

Бастауыш мектеп түлегі:

шындықты айту;

достыққа адал болу;

жақсылық пен жамандықты, әділдік және әділетсіздікті ажырата білу;

өз міндеттеріне жауапкершілікпен қарау;

заттар мен мүлікті ұқыпты ұстау.

Негізгі орта мектеп түлегі:

өз әрекетін жоспарлау және ұйымдастыру;

әдеп нормасына сәйкес өзінің және басқалардың іс әрекеттерін талдау;

оқу тапсырмасын орындауда табандылық таныту;

берілген ортақ іс үшін ұжым алдындағы жауапкершілікті түсіну;

басқаға көмектесуге, мейірімділік танытуға дайын болу;

Жалпы орта мектеп түлегі:

нәсіліне, жынысына, жасына, дініне және басқа да ерекшеліктеріне байланысты кемсітусіз барлық адамдар үшін тең құқықтар мен мүмкіндіктерді қамтамасыз ету қағидаттарын басшылыққа ала білу;

әр адамның еңбегін мен қадір-қасиетін әділ бағалау, оның жеке басына құрмет көрсету және қарым-қатынаста сыпайылық таныту қағидаттарын басшылыққа ала білу;

қаржылық, материалдық және уақыт ресурстарын ұтымды және ұқыпты қолдану;

белгіленген стандарттардың, нормалар мен ережелердің сақталуын қамтамасыз ету және оған сәйкес әрекет ету;

тапсырманы жоспарланған мерзімге сәйкес уақытылы және сапалы орындау.

Құндылық: заң және тәртіп

Құзыреттілік: азаматтық борыш және парасаттылық

Бастауыш мектеп түлегі:

өз құқықтары мен міндеттерін білу, әдеп нормаларын ұстану, сыныптағы және мектептегі мінез-құлық ережелерін сақтау;

қауіпсіздік ережелерін, оның ішінде жол қозғалысы ережелерін білу және сақтау;

педагогтерге немесе ата-аналарға проблеманың алдын алу және шешу үшін шаралар қабылдауда көрген немесе білетін қауіптер туралы хабарлау;

кемсітушілік пен қудалаудың кез-келген түрінен аулақ бола отырып, педагогтердің, сыныптастарының құқықтары мен қадір-қасиетін құрметтеу.

Негізгі орта мектеп түлегі:

құқықтық жүйе мен адам құқығы негіздерін білу;

тәртіп пен әділдік, нормалар мен ережелерді сақтау қажеттілігін түсіну;

қоғамды қорғау мен қауіпсіздікті қамтамасыз етудегі заң мен тәртіптің маңыздылығын білу.

Жалпы орта мектеп түлегі:

өз ойларын, эмоцияларын және мінез-құлқын бақылау, қоғамдық игілік мүддесі үшін күнделікті жағдайларда белгіленген ережелер мен рәсімдерді, үйлесімді әлеуметтік қатынастарды сақтау;

моральдық принциптер мен нормаларды және оқу-танымдық іс-әрекеттегі адал мінез-құлықты ұстану;

тұрақты даму принциптерін өмір салтына айналдыру, баламалы энергия көздерін пайдалану, табиғи ресурстарды үнемді тұтыну;

Құндылық: еңбекқорлық және кәсіби біліктілік

Құзыреттілік: инновациялық ойлау

Бастауыш мектеп түлегі:

мамандықтың ерекшеліктерін білу және адамдардың еңбегін құрметтеу;

өз-өзіне қызмет ету және өзін-өзі ұйымдастыру дағдыларын қолдану;

отбасында және оқуда қажетті жұмыстарды жүйелі түрде тәртіпті және сапалы орындау;

нәтижеге жету мақсатын белгілеу және оны іске асыруды жоспарлау, ұйымдастыру және оған қол жеткізуге ұмтылу;

өз білімі мен дағдыларын дамыту үшін тыңғылықты жұмыс істеу.

Негізгі орта мектеп түлегі:

өзінің және басқалардың еңбегінің нәтижелерін бағалау;

түрлі мамандықтар мен олардың қызмет ерекшеліктерін зерттеуге қызығушылық таныту;

өз уақытын тиімді жоспарлай білу және кез келген қызметтің нәтижелеріне қол жеткізу үшін күш салу;

еңбек қоғамдық және табысты болудың негізі екенін түсіну;

жеке мүдделерді, қажеттіліктерді ескере отырып, білім мен өмірлік жоспарлардың жеке траекториясын саналы түрде таңдауға және құруға дайын болу.

Жалпы орта мектеп түлегі:

тапсырмаларды тиімді орындау үшін қажетті академиялық және техникалық, заманауи технологиялар мен әдістер туралы білімінің болуы;

өзін-өзі ұйымдастыру, міндеттерге басымдық беру, жұмыс уақытын жоспарлау;

нәтижелерге қол жеткізу және жақсарту үшін күш салуға дайын болу;

еңбек әдебі мен сапа стандарттарын түсіну;

дамуға және оқуға үнемі ұмтылу.

Құндылық: жасампаздық және жаңашылдық

Құзыреттілік: шығармашылық

Бастауыш мектеп түлегі:

қоршаған әлемді зерттеу, сұрақтар қою, эксперименттер жүргізу және алынған мәліметтер негізінде қорытынды жасай алу;

жаңа идеяларды қалыптастыру, мәселелердің стандартты емес шешімдерін көру және оларды іс жүзінде қолдана алу;

инновациялық идеяларды жүзеге асыруға ықпал ететін компьютермен жұмыс істеу негіздерін және басқа да технологиялық дағдыларды меңгеру;

жаңа тәсілдер мен технологияларды қолдануды талап ететін балалар жобаларына қатысуға дайын болу;

өз әрекеттерінің қоршаған әлем үшін маңыздылығы мен салдарын түсіну.

Негізгі орта мектеп түлегі:

тапсырмаларға шығармашылықпен қарай білу, өз шешімдері мен идеяларын ұсына білу;

өз бетінше әрекет ету және жобаларды іске асыру;

бақылау, өлшеу, эксперименттер мен тәжірибелер жүргізу;

модельдеу, таным объектілерінің құрылымын анықтау, бір бүтіннің әртүрлі бөліктері арасындағы қатынастарды іздеу және бөлу, процестерді кезеңдерге бөлу, себеп-салдарлық байланыстарды анықтай алу;

оқу есептерін шешудің оңтайлы тәсілдерін таба білу, ол үшін жаңаларын қолдану және бұрыннан таныс

алгоритмдерді біріктіру, оларды стандартты емес есептерді шешуге қолдана алу;

әр түрлі таным құралдарын қолдану дағдылары, әлем туралы білім жинақтау (тілдік, оқырмандық мәдениет, ақпараттық, цифрлық ортадағы қызмет).

Жалпы орта мектеп түлегі:

зерттеу жүргізу және ғылыми тәсілді қолдану қабілеті;

ақпаратты талдау және бағалау;

жаңа идеяларды ұсыну;

заманауи цифрлық құралдар мен технологияларды меңгеру;

мақсаттарға жету үшін бастаманы ұсыну, жаңа мүмкіндіктер іздеу және идеяларды іске асыру барысында ресурстарды тиімді пайдалану.

**«Адал азамат» біртұтас тәрбие бағдарламасын іске асыру бойынша
2025-2026 оқу жылына арналған жылдық жоспары**

№	Іс шаралар атауы	Аяқталу нысаны	Жауапты орындаушылар	Орындау мерзімдері
Күнделікті атқарылатын іс-шаралар				
1	-«Ұлттық ойын – ұлт қазынасы»: үзіліс кезінде білім алушылардың бос уақытын ойын түрінде ұйымдастыру – асық, тоғызқұмалақ, бес тас және т.б.; -«Өнегелі 15 минут» – ата-аналардың баласымен мінез-құлық және адамгершілік туралы күнделікті 15 минут жеке әңгімелесуі; -«Үнемді тұтыну» – суды, тамақты, энергияны тұтыну бойынша күнделікті табиғи ресурстарға ұқыпты қарауды қалыптастыру: жадынамалар, нұсқаулықтар мен парақшалар әзірлеу; -«Күй күмбірі» – қоңыраудың орнына күйді пайдалану, сондай-ақ үлкен үзіліс кезінде күй тыңдау; - «Балалар кітапханасы» жобасы аясында мектептерде үзіліс кездерінде «15 минут кітап оқу» акцияларын ұйымдастыру (<i>ҚР Оқу-ағарту министрлігінің Республикалық ғылыми-педагогикалық кітапханасы оқуға ұсынылған көркем әдебиеттер тізімі бойынша: Абай Құнанбаев, Ахмет Байтұрсынов, Тахауи Ахтанов, Шерхан Мұртаза, Бердібек Соқпақбаев, сондай-ақ Эрнест Хемингуэй, Джек Лондон, Рабиндранат Тагор, Александр Островский, Вальтер Скотт, Михаил Лермонтов т.б.</i>).	Үзіліс кезінде	Мектеп директоры, директордың тәрбие жұмысы жөніндегі орынбасары, сынып жетекшілер, аға тәлімгер, мектеп психологтары, әлеуметтік педагог, мектеп кітапханашысы т.б.	Күнделікті жыл бойы
Апта сайын атқарылатын іс-шаралар				
1	-«Менің Қазақстаным» – оқу аптасының басында бірінші сабақта білім алушылар Қазақстан Республикасының Әнұранын орындайды; - «Апта дәйексөздері» – бүкіл білім беру ұйымның оқу	Аптасына 1 рет	Мектеп директоры, директордың тәрбие жұмысы жөніндегі орынбасары, сынып жетекшілер, аға тәлімгер,	Апта сайын жыл бойы

	және оқудан тыс іс-әрекетінің лейтмотиві ретінде қызмет ететін мақал-мәтелдер, халық даналығы, көрнекті тұлғалардың ұлағатты сөздері. Аптаның дәйексөздері ақпараттық стендтерде, Led-экрандарда, сынып тақталарында және т.б. орналастырылады; -« <i>Қауіпсіздік сабағы</i> » – жол қозғалысы ережелерін, өмір қауіпсіздігі негіздерін зерделеу, білім алушылардың жеке қауіпсіздігін, қауіпсіз мінез-құлқын және т.б. сақтауы туралы сынып сағаты шеңберінде 10 минут ақпарат беру немесе әңгіме өткізу.		мектеп психологтары, әлеуметтік педагог т.б.	
Ай сайын атқарылатын іс-шаралар				
1	Жасөспірімдер арасындағы келеңсіз оқиғалардың алдын алу (алдын алу)	Алдын алу шарасы	Директордың тәрбие жұмысы жөніндегі орынбасары мүдделі мемлекеттік органдармен бірлесіп (ІІД, ТЖД, Дін басқармасы, Денсаулық басқармасы, СӨС және т.б.)	Айына 1 рет
2	«Табиғи және техногендік сипаттағы төтенше жағдай кезінде әрекет ету тәртібі туралы» интерактивтік сабақтар	Алдын алу шарасы	Директордың тәрбие жұмысы жөніндегі орынбасары мүдделі мемлекеттік органдармен бірлесіп (ТЖД)	Айына 1 рет
Тоқсан сайын атқарылатын іс шаралар				
1	«ДосболLIKE» акциясы	Акция	Мектеп психологтары, әлеуметтік педагог, тәлімгер	Тоқсанына 1 рет
2	Кәмелетке толмағандар арасында құқықбұзушылықтың алдын алу мақсатында білім беру ұйымдарына алып кіруге тыйым салынған заттарды әкелуге шектеу қою бойынша рейдтік шаралар	Профилактикалық шара, хаттама	Директордың тәрбие жұмысы жөніндегі орынбасары, құқық қорғау органдары қызметкерлерінің, қамқоршылық кеңес өкілдерінің қатысуымен	Тоқсанына 1 рет
3	Ерте жүктіліктің, жыныстық қол сұғылмаушылықтың алдын алу мақсатында «Ерте жүктіліктің қауіп – қатері»	Облыстық жоспар бойынша, хаттама	Директордың тәрбие жұмысы жөніндегі орынбасары, денсаулық сақтау өкілдері,	Тоқсанына 1 рет

	қыз балалар клубтарының отырысы		мектеп медбикесі, клуб жетекшісі	
Жыл бойы атқарылатын іс-шаралар				
1	«Болашаққа жолдама» жобасы «Еңбегі адал-жас өрен» жобасы	Облыстық жоспар бойынша	Директордың тәрбие жұмысы жөніндегі орынбасары, сынып жетекшілері, мектеп психологтары, әлеуметтік педагог	Жыл бойы
2	2025 жыл – «Жұмысшы мамандықтыр жылы» аясында білім алушыларды мамандықтармен таныстыру үшін әртүрлі өндіріс орындарына немесе мекемелерге бару «Еңбегі адал-жас өрен» жобасы	«Еңбегі адал - жас өрен» жобасы бойынша	Жергілікті атқарушы органдар, мүдделі мемлекеттік органдар, директордың тәрбие жұмысы жөніндегі орынбасары, сынып жетекшілері, жоба жетекшісі	Жыл бойы
3	Қызылорда облысының білім беру ұйымдарында құрылған «Adal urpaq» , «Sanaly urpaq» жобалары аясында сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимылды жүзеге асыру жөніндегі 2025 жылға арналған іс-шаралары «Еңбегі адал-жас өрен» жобасы	Облыстық жоспар бойынша	Мектеп директоры, директордың тәрбие жұмысы жөніндегі орынбасары, сынып жетекшілері, мектеп психологтары, әлеуметтік педагог	Жыл бойы
4	«Birgemiz: Qamqor» акциясы (қарттар үйлеріне, жалғыз басты қарияларға көмек көрсету) «Қамқор» жобасы	Облыстық акция	Мектеп директоры, директордың тәрбие жұмысы жөніндегі орынбасары, волонтерлық клуб жетекшісі	Жыл бойы
5	«Табиғатқа қамқорлық жасаймыз» акциясы « Birgemiz: Taza Alem» акциясы (қоршаған ортаны қорғау, өзендер мен ормандарды тазалау, ағаш отырғызу және т.б.) «Қамқор» жобасы	Облыстық акция	Мектеп директоры, директордың тәрбие жұмысы жөніндегі орынбасары, волонтерлық клуб жетекшісі	Жыл бойы
6	«Мейірімділік – адамдықтың негізі» акциясы (күнкөрісі төмен, көпбалалы және тұрмысы қолайсыз отбасылардан шыққан балаларға, жетім-балалар мен ата-анасының қамқорлығынсыз қалған балаларға көмек пен қолдау көрсету)	Облыстық акция	Мектеп директоры, директордың тәрбие жұмысы жөніндегі орынбасары, волонтерлық клуб жетекшісі	Жыл бойы

	«Қамқор» жобасы			
7	Қызылорда облысының мектепке дейінгі, орта, техникалық және кәсіптік білім беру ұйымдарында экологиялық білім мен тәрбиені дамыту жөніндегі 2025-2026 жылдарға арналған кешенді іс-шара жоспары «Қамқор» жобасы	Облыстық жоспар	Мектеп директоры, директордың тәрбие жұмысы жөніндегі орынбасары, сынып жетекшілер, аға тәлімгер, жаратылыстану бірлестігі, экоклуб жетекшілері	Жыл бойы жоспар негізінде
8	Кәмелетке толмағандар арасындағы құқықбұзушылықтың, ертек жүктіліктің, нашақорлықтың, діни экстремизм мен терроризмнің, сыбайлас жемқорлықтың алдын алуға бағытталған 2025 жылға арналған іс-шаралар жоспарлары Алдын алу шаралары	Облыстық жоспар	Мектеп директоры, директордың тәрбие жұмысы жөніндегі орынбасары, мектеп психологі, әлеуметтік педагог, мектеп медбикесі	Жыл бойы жоспар негізінде

Орта білім беру ұйымдарына арналған тәрбие жұмысы жоспары

ҰЙЫМДАСТЫРУШЫЛЫҚ-ӘДІСТЕМЕЛІК ЖҰМЫСТАР

№	Қызмет түрі	Аяқталу нысаны	Жауапты орындаушылар	Орындалу мерзімі
1	2025-2026 оқу жылына арналған тәрбие жұмысының жоспарын құру және бекіту	Директордың тәрбие ісі жөніндегі орынбасарының жоспары	Директордың тәрбие ісі жөніндегі орынбасары	Тамыз-қыркүйек
2	Құқықбұзушылықтың алдын-алу профилактикасы кеңесінің жоспары Құқықбұзушылықтың алдын алу	Бұйрық	Директордың тәрбие ісі жөніндегі орынбасары	Тамыз -қыркүйек

	бойынша кәмелетке толмағандар арасында 2025-2026 оқу жылына арналған жылдық жұмыс жоспары			
3	Діни тәрбиеде оқитын оқушылар туралы мәліметтер жинау	Анықтама	Директордың тәрбие ісі жөніндегі орынбасары	Жыл бойы
4	2025-2026 оқу жылы бойынша мектеп түлектерінің оқу орындарына түсуі туралы анықтамалық ақпарат жинау	Анықтама	Мектеп әкімшілігі	Тамыз -қыркүйек
5	Ата-аналар жиналыстары, ата-аналар комитеттері	Хаттама	Әлеуметтік педагог, сынып жетекшілері	Жыл бойы
6	Мектептің әлеуметтік паспортын жасау	Хаттама	Мектеп әкімшілігі Әлеуметтік педагог	Қыркүйек
7	Оқушылардың сабаққа қатысуын бақылау	Келушілерді есепке алу журналы	Педагог-психолог	Жыл бойы
8	Қамқоршылық кеңестің жұмысын ұйымдастыру	Хаттама	Орынбасары ТЖ бойынша	Жыл бойы
9	Деректер базасын қалыптастыру оқушылар және олардың ата-аналарына.	Мәліметтер базасы	Әлеуметтік педагог	Қыркүйек
10	Оқушылардың қызығушылықтары	Үйірмелер кестесі.	Директордың	Қыркүйек

	бойынша үйірмелер мен секция жұмыстарын ұйымдастыру	Бұйрық	тәрбие ісі жөніндегі орынбасары	
11	Профилактика кеңесінің отырысы	Хаттама	Директордың тәрбие ісі жөніндегі орынбасары Әлеуметтік педагог	Әр айдың соңғы аптасы
12	«Мектепке жол» республикалық акциясы	Жоспарға сәйкес	Әлеуметтік педагог	Тамыз
13	Білім алушылар қатарынан жас өрт сөндірушілердің жұмысын ұйымдастыру (ОҚ) 5-9 сыныптар	Жоспар	Тәлімгер	Қазан

Қыркүйек – еңбекқорлық және кәсіби біліктілік айы

1 қыркүйек – «Білім күні»

5 қыркүйек – Қазақстан халқы тілдері күні

Қыркүйектің екінші жексенбісі – Отбасы күні

Қыркүйектің үшінші жексенбісі – Аналар күні

Қыркүйектің соңғы жексенбісі – Еңбек күні

I АПТА ДӘЙЕКСӨЗІ: «Білім – қымбат қазына, қанағат тұтпа азына» (Мұзафар Әлімбаев)

Р с	Іс шаралар атауы	Аяқталу нысаны	Жауапты орындаушылар	Орындалу мерзімдері
1	Білім күні «Мектебім – мейірім мекені» «Менің Отаным –Қазақстан»	Салтанатты іс-шара /сынып сағаты	Директордың тәрбие ісі жөніндегі орынбасары, сынып	Қыркүйек айының 1 аптасы

	Қауіпсіздік сабағы (10 минут) Республикалық интервью-челленджі 2-4-сынып білім алушылары: «Жазғы демалыстың жарқын естеліктері» 5-8-сынып білім алушылары: «Жаз – жаңа тәжірибе уақыты» 9-11-сынып білім алушылары: «Арманым мен мақсатым»		жетекшілері	
2	«Тілім менің - асыл мұрам» Этно-форум	Қазақстан халқы тілдері күніне арналған жалпы мектептік іс-шара	Директордың тәрбие ісі жөніндегі орынбасары Гуманитарлық цикл пәндер мұғалімдері	Қыркүйек айының 1 аптасы
3	Уақытты басқару және өзін-өзі ұйымдастыру «Балалар буллинг, кибербуллингтің құрбаны болғанда не істеу керек?» тренинг	Ата-аналар жиналысы	Директордың тәрбие ісі жөніндегі орынбасары, сынып жетекшілері, педагог-психолог	Қыркүйек айының 1 аптасы
II АПТА ДӘЙЕКСӨЗІ: «Жанұям – қорғаным, ата-анам – тірегім!»				
4	«Бақытты отбасы - берекелі ел» отбасылық кеш	Отбасы күніне арналған іс-шара	Директордың тәрбие ісі жөніндегі орынбасары, сынып жетекшілері,	Қыркүйек айының 2 аптасы
5	Жол қауіпсіздігі Қауіпсіздік сабағы (10 минут)	Сынып сағаты	Сынып жетекшілері мүдделі мемлекеттік органдармен (ПД және т. б.) бірлесіп	Қыркүйек айының 2 аптасы

6	Профилактикалық жұмыс кәмелетке толмағандар арасындағы құқық бұзушылықтың алдын алу жөніндегі жоспарды іске асыру шеңберінде	Профилактикалық іс-шара	Мүдделі органдармен бірлесіп	Қыркүйек айының 1-2 аптасы
7	Білім беру ұйымдарында кәсіби бағдар беру жұмысын сыныптар бойынша ұйымдастыру <u>1-4-сыныптар</u> Кәсіби бағдар берудің алғы шарттары <i>Ата-аналар жиналысы, ата-аналардың қатысуымен ашық сабақтар мен сынып сағаттары, жеке консультациялар</i> <u>5-7-сыныптар</u> Білім алушылардың кәсіптік бағдарын қалыптастыру <u>8-9-сыныптар</u> Білім алушыларды мамандық таңдау негіздерімен таныстыру (кәсіпті дұрыс таңдау үшін қажетті білім) <u>10-11 сыныптар</u> <i>Бітірушінің</i> кәсіп таңдау және мансап құру процесінде өз рөлі мен жауапкершілігін түсінуге бағыттау, таңдалған кәсіби өріс және олардың болашақтағы орны туралы нақты түсінік	Жылдық жоспар	Мектеп әкімшілігі Оқу, ғылыми-әдістемелік, кәсіби бағдар, тәрбие ісі жөніндегі орынбасарлар, сынып жетекшілері	Жыл бойы

III АПТА ДӘЙЕКСӨЗІ: «Ақырын жүріп анық бас, еңбегің кетпес далаға!» (Абай)				
8	«Буллингке жоқ деп айт» ақпараттық түсіндірме жұмысы	ақпараттық түсіндірме жұмысы (1-11 сыныптар)	Сынып жетекшілері, әлеуметтік педагог, мүдделі мемлекеттік органдармен бірлесе отырып	Қыркүйек айының 3 аптасы
9	Буллингтен қорған Қауіпсіздік сабағы (10 минут)	Сынып сағаты	Сынып жетекшілері мүдделі мемлекеттік органдармен (ПД және т. б.) бірлесіп	Қыркүйектің 3 аптасы
10	«Абай мұрасына саяхат» тақырыбындағы облыстық әдеби-танымдық фестиваль Қазақтың ұлы ақыны, ағартушы, саяси қайраткер Абай (Ибраһим) Құнанбаевтың туғанына - 180 жыл	Атаулы күн иесіне арналған мектепішілік іс-шара, сынып сағаттары	Директордың тәрбие ісі жөніндегі орынбасары, пән мұғалімдері, сынып жетекшілері, тәлімгер	Жыл бойы
IV АПТА ДӘЙЕКСӨЗІ: «Еңбек – елдің ертеңі, біліктілік – болашақтың кепілі»				
11	“Адал азамат” біртұтас тәрбие бағдарламасын жүзеге асыру бойынша облыс әкімінің жұлдесіне арналған “Сыр лигасы” жобасы сайыстарының мектепішілік, аймақтық кезеңдері	“Ана тілі аруы”, “Зияткер отбасы”, “Жігіттердің сұлтаны”, “Отбасылық волейбол”, “Ана туралы жыр” хор байқауы, “Футбол”, “Жайдарман”, “Алғашқы әскери лига” сайыстары	Директордың оқу ісі жөніндегі орынбасары	Қыркүйек айы
12	1-4 сыныптар	Еңбек күніне арналған	Сынып жетекшілері	Қыркүйек айының 4

	“Еңбек сахнасы” театрландырылған перфоманс 5-11 сыныптар “Қолыңнан келсе - кәсіп ет” білім алушылар арасында өткізілетін питчинг алаңы	жаппай тәрбиелік іс-шара		аптасы
13	Еңбек түбі береке. Қауіпсіздік сабағы (10 минут)	Еңбек күніне арналған сынып сағаты	Сынып жетекшілері	Қыркүйектің 4 аптасы
14	Профилактикалық жұмыс «Зорлық-зомбылыққа жол жоқ!»	Профилактикалық іс-шара	Мүдделі органдармен бірлесіп	Қыркүйек айының 3-4 аптасы
Қазан айы – тәуелсіздік және отаншылдық <i>1 қазан – Халықаралық қарттар күні</i> <i>5 қазан – Мұғалімдер күні</i> <i>24 қазан – Кітапханашылар күні</i> <i>25 Қазан – Республика күні</i>				
I АПТА ДӘЙЕКСӨЗІ: «Ел-жұртымның бақыты аталатын, сөнбесін мәңгі сенің, Отан, атың!»				
1	«Қоғамға қызмет ету» волонтерлық қызмет	Жалпы мектептік волонтерлық акциясы	Директордың тәрбие ісі жөніндегі орынбасары, пән мұғалімдері, сынып жетекшілері, тәлімгер	Қазан айының 1 аптасы
2	«Ұстаз – мәңгі нұрдың қызметшісі» Мұғалімдер күніне арналған іс-шара (жеке жоспар бойынша)	Жалпы мектептік іс-шара (1-11 сынып)	Директордың тәрбие ісі жөніндегі орынбасары, сынып жетекшілері, пән мұғалімдері,	Қазан айының 1 аптасы

			мектептің өзін-өзі басқаруы.	
3	«Даналық ұстаздан» челленджі	Мұғалімдер күніне арналған челлендж	Сынып жетекшілері, мектептің өзін-өзі басқару ұйымы	Қазан айының 1 аптасы
4	Жол қауіпсіздігі Қауіпсіздік сабағы (10 минут)	Сынып сағаты	Сынып жетекшілері мүдделі мемлекеттік органдармен (ПД және т. б.) бірлесіп	Қазан айының 1 аптасы
5	Ойынға салауатты көзқарас Қауіпсіздік сабағы (10 минут)	Алдын алу шаралары (лудоманияның алдын алу)	Директордың тәрбие ісі жөніндегі орынбасары, сынып жетекшілері мүдделі мемлекеттік органдармен бірлесіп	Қазан айының 1 аптасы
II АПТА ДӘЙЕКСӨЗІ: «Туған жердей жер болмас, туған елдей ел болмас»				
6	«Күзгі асар» жәрмеңкесі	Жәрмеңке	Сынып жетекшілері	Қазан айының 2 аптасы
7	Цифрлық әлемде қауіпсіз қадам Қауіпсіздік сабағы (10 минут)	Алдын алу іс-шарасы	Директордың тәрбие ісі жөніндегі орынбасары, сынып жетекшілері мүдделі мемлекеттік органдармен бірлесіп	Қазан айының 2 аптасы
8	«Іс-әрекет уақыты» Республикалық білім алушылар өзін-өзі басқару көшбасшыларының балалар құрылтайына қатысу	Құрылтай материалдары, әлеуметтік желіге жариялау	Директордың тәрбие ісі жөніндегі орынбасары, пән мұғалімдері, сынып	Қазан

			жетекшілері, тәлімгер	
